



БҰЙРЫҚ

Индербор кенті

19.01.2021 ж. №9

ПРИКАЗ

поселок Индерборский

**М.Куткожинаның қызметі
туралы**

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 47 бабына және Атырау облысының әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №267 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Индер аудандық білім бөлімінің Ә.Кекілбайұлы атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Куткожина Маркиза Мурсеновна 2021 жылдың 19 қаңтардан бастап атқарып отырған қызметінен босатылып, 2021 жылдың 19 қаңтардан бастап қайта ұйымдастырылған «Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің «Әбіш Кекілбайұлы атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалсын.

2. Әбіш Кекілбайұлы атындағы орта мектебінің директоры М.Куткожинаға барлық мемлекеттік, қаржы құжаттарына – келісім-шартқа, азаматтық-құқықтық және қосымша келісімдерді тіркеуге, хабарламаға, төлеуге берілетін шоттарға, оның тізіліміне, төлемдер бойынша мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспары, бюджеттің төлемдері, міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамаларға, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісіне, шот-фактураға, хабарлама шотқа – бірінші болып қол қою құқы берілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлімнің кадр жөніндегі бас маманы А.Жалмухановаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысы



О.Дилмукашева